

Балық аулау және балық шаруашылығын жүргізу шарттарының үлгілік нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 18-04/16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 ақпанда № 10229 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 542 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.12.2018 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес балық аулау;
2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес балық шаруашылығын жүргізу шарттарының Үлгілік нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Министр

А. Мамытбеков

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 15 қаңтардағы
№ 18-04/16 бұйрығына
1-қосымша
Үлгі нысан

Балық аулау шарты

_____ қаласы

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ "

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

_____ (жергілікті атқарушы орган)
бұдан әрі "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" деп аталатын, _____

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

_____ (басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))
атынан Ереже негізінде әрекет ететін,

_____ бір жағынан, және басшы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) толығымен)
атынан _____ немесе жеке
кәсіпкер

(ұйымның аты)

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) толығымен)
конкурстық комиссияның 20_____ жылғы "___" _____ №

_____ шешімімен конкурстың жеңімпазы танылған, бұдан әрі "Пайдаланушы"
деп _____ аталатын

_____ (ереже, жарғы және т.б.)
негізінде әрекет етуші, екінші жағынан, төмендегілер туралы шарт
жасасты.

1. Шарттың мәні

1. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" ұсынды, ал
"Пайдаланушы"

_____ мақсатында

(кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық), ғылыми-зерттемелік,
эксперименттік, мелиорациялық және өсімін молайту аулау)

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

(су айдынының, учаскесінің және орналасқан ауданының атауы)
балық ресурстарын және басқа су жануарларын пайдалану құқығына ие болды.

2. Тараптардың құқықтары

2. "Пайдаланушының" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жануарлар дүниесі объектілерін оларды беру шарттарына сәйкес пайдалануға;

2) жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;

3) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

4) жануарлар дүниесін пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға құқығы бар.

3. "Жергілікті атқарушы органның (Әкімдіктің)" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, өз құзыреті шегінде шартты біржақты тәртіпте бұзуға мынадай құқығы бар:

1) шарттық міндеттемелер "Пайдаланушымен" орындалмаған жағдайда;

2) жалған ақпаратты ұсыну фактілері анықталған жағдайда.

3. Тараптардың міндеттемелері

4. "Пайдаланушы" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауға;

2) пайдаланушыға бекітіліп берілген су айдынында және (немесе) учаскесінде балық және басқа да су жануарларын аулауға берілген өтінімге сәйкес бөлінген квотаны игеруге;

3) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен уақтылы төлемдер жасауға;

4) әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік), қабылдау пунктінде, бригадада немесе звенода балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7573 тіркелген) "Аншлаптарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң

аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуге және уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің (бұдан әрі – Инспекция) лауазымды адамдарының талабы бойынша оны ұсынуға;

5) (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6196 тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 185 бұйрығымен бекітілген Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесімен белгіленген тәртіппен және мерзімде, Инспекцияға балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолқұжаттар туралы мәліметтер беруге;

б) әрбір балық кәсіпшілік учаскесінде, кемесінде, бригадасында немесе буынында балық аулауға рұқсаттың болуын, әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемесінде, қабылдау пунктінде, бригадасында немесе буынында балық ресурстары мен басқа су жануарларын аулауды есепке алу (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7573 тіркелген) "Аншлағтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуді және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың талап етуі бойынша оны көрсетуге;

7) жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнгендерін қорғау мен олардың өсімін молайтуды қамтамасыз етуге және олардың санының азаюына жол бермеуге;

8) қорықшылық қызметін құруға және оның күзет қызметін ұйымдастыруға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға және қағидаларға сәйкес қорықшыларды қызметтік қару-жарақпен, көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төс белгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

10) өздеріне бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жағалау учаскелерін, балық аулайтын жерлерді тиісті санитарлық жай-күйде ұстауды қамтамасыз етуге;

11) (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8532 тіркелген) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 154-Ө бұйрығымен бекітілген Балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеудің орнын толтыру әдістемесіне сәйкес, балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеудің орнын толтыруға;

12) аулау құралдарын, аулау тәсілдерін тексеру және ауланған балықты тексеріп қарау үшін жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларды (қызметтік куәлігін көрсеткен кезде) балық аулайтын жерлерге, кемелер мен басқа да жүзу құралдарына, қабылдау пункттеріне кедергісіз жіберуді, оларға балық аулау жөніндегі есептік материалдарды уақтылы беруді қамтамасыз етіп тұруға;

13) су айдындарының және (немесе) учаскелерінің жағалауына орнатылған көрсеткіштердің, қорғандардың, аншлаптар мен басқа да белгілердің сақталуын қамтамасыз етуге;

14) жеке адамдарға олардың ауызша және жазбаша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама беруге міндетті.

5. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10168 тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен бекітілген жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережесінің талаптарын сақтаған жағдайда, "Пайдаланушыға" жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруге міндетті.

4. Тараптардың жауапкершілігі

6. "Пайдаланушы" осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін кімге де болмасын толығымен де, ішінара да бермеуге тиіс.

7. Бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және

орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру "Пайдаланушының" қаражаты есебінен жүргізіледі.

8. "Пайдаланушының" құқықтары бұзылған жағдайда "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" немесе Инспекция Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Форс-мажор

9. Егер Шарттың қандай да болсын міндеттемелері еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) орындалмаса немесе тиісті дәрежеде орындалмаса, тараптардың бірде бірі осы орындалмау немесе тиісті дәрежеде орындалмау үшін жауаптылықта болмайды.

10. Еңсерілмейтін күш жағдаяттарына төтенше және осы жағдайлар кезінде күтпеген: мәселен, әскери қақтығыстар, табиғи апаттар, дүлей апаттар (өрт және т.б.) сияқты жағдаяттар жатады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары пайда болған жағдайда, "Пайдаланушы" "Жергілікті атқарушы органды (Әкімдікті)" және Инспекцияны осы жайында форс-мажорлық жағдаяттардың басталған күні мен сипаттамасын нақтыланған жазбаша хабарламаны тапсыру және (немесе) пошта не факсимильдік байланыс арқылы дереу хабардар етеді.

12. Форс-мажорлық жағдаяттар пайда болған кезде, Тараптар орын алған жағдайдан шығу жолын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кеңес өткізіп, осындай жағдаяттардың зардаптарын барынша азайту үшін заңнамаға қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

13. Егер осы тарауда көрсетілген жағдаяттарды құзырлы мемлекеттік органдар мен ұйымдар растаған болса, онда олар заңды болып танылады.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

14. Осы шарт оған екі жақ қол қойған сәттен бастап күшіне еніп, 20 __ жылғы " __ " _____ дейін қолданылады.

15. Осы шарт:

1) жануарлар дүниесін "Пайдаланушының" қызметі тоқтатылған;

2) "Пайдаланушымен" Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының талаптарын, сондай-ақ балық шаруашылығын жүргізу шарттарының талаптарын жүйелі түрде бұзған;

3) балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіліп берілген жер учаскелерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қажеттіліктер үшін алынған жағдайда бұзылуы мүмкін.

7. Қорытынды ережелер

16. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңдық күші бар екі данада жасалды.

17. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтыруларды екі жақтың уәкілетті өкілдері жазбаша түрде жасап, қол қойған болса, олардың заңды күші бар және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

18. Тараптар осы Шарттан немесе оған байланысты туындайтын дауларды келіссөздер арқылы шешуге тырысады, ал тараптар келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

19. Осы Шартта айқындалмаған барлық мәселеде тараптар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

8. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

"Жергілікті атқарушы орган

(Әкімдік)"

"Пайдаланушы"

(атауы)

(атауы)

(пошта, телеграфтың мекенжайы)

(пошта, телеграфтың мекенжайы)

(банктік деректемелер)

(банктік деректемелер)

(қызметі, тегі, аты, әкесінің
(болған кезде))

(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты аты
(болған кезде))

(қолы, мөр)

(қолы, мөр, (болған жағдайда))

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 15 қаңтардағы
№ 18-04/16 бұйрығына
2-қосымша
Үлгі нысан

Балық шаруашылығын жүргізу шарты

_____ 20__ жылғы " __ " _____
(елді мекен)

мақсатында

(кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулау,
көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын (бұдан әрі – КТБШ)
және (немесе) шарбақтық балық өсіру шаруашылығын жүргізу)
_____ облысы (аудан) әкімдігінің балық
шаруашылығы

су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы 20_
жылғы

" _____ " _____ № _____ шешіміне (қаулысына) сәйкес ереженің
негізінде

әрекет ететін, бұдан әрі "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" деп
аталатын,

_____ атынан

(жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі)

басшы _____ бір
жағынан

және

_____ және
негізінде әрекет ететін бұдан әрі "Пайдаланушы" деп аталатын _____

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

(заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (болған кезде) мекенжайы)

атынан

(пайдаланушы өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
лауазымы)

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

екінші жағынан төмендегілер туралы осы шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

1. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" шартқа қоса беріліп отырған төлқұжатта ауданы, көлемі және басқа көрсеткіштері көрсетілген,

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Облысы

_____ ауданында

орналасқан

"Пайдаланушыға" _____

мақсатында

(кәсіпшілік, әуесқойлық (спорттық) балық аулау, КТБШ және (немесе) шарбақтық балық өсіру шаруашылығын жүргізу) бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

2. Балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізімі және/немесе олардың нөмірлері _____

2. Тараптардың құқықтары

3. "Пайдаланушының" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жануарлар дүниесінің өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана пайдалануды жүзеге асыруға;

2) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;

3) жануарлар дүниесін пайдалану үшін жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға.

4. "Жергілікті атқарушы органның (Әкімдіктің)" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, өз құзыреті шегінде шартты біржақты тәртіпте бұзуға мынадай құқығы бар:

1) шарттық міндеттемелер "Пайдаланушымен" орындалмаған жағдайда;

2) жалған ақпаратты ұсыну фактілері анықталған жағдайда;

3) балық шаруашылығын дамыту жоспарына сәйкес міндеттемелерді орындамау немесе толық орындамау жағдайларында.

3. Тараптардың міндеттемелері

5. "Пайдаланушы" Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауға;

2) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен уақтылы төлемдер жасауға;

3) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

4) жануарлар дүниесін халық пен қоршаған ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлер тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатысты қатыгездікке жол берілмейтін тәсілдермен пайдалануға;

5) мыналарды жүзеге асыру үшін:

бақылау үшін аулауды – уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – Инспекция);

ғылыми-зерттеу үшін аулауды – жеке және заңды тұлғаларға;

әуесқойлық (спорттық) балық аулауды – жеке адамдарға беруге;

6) Инспекциямен келісім бойынша биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылық мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді жүргізуге;

7) әрбір балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік), қабылдау пунктінде, бригадада немесе звенода балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7573 тіркелген) "Аншлагтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 25-03-02/96 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес журналын (кәсіпшілік журналын) жүргізуге және Инспекция адамдарының талабы бойынша оны ұсынуға;

8) (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6225 тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 250 бұйрығымен бекітілген Жануарлар дүниесін пайдаланушы жеке және заңды тұлғалармен жануарлар дүниесін пайдалануға жасасқан шарттарын уәкілетті органда тіркеу және оларды бұзу туралы ақпарат беру ережесімен белгіленген тәртіппен және мерзімде, жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін пайдалануға жасасқан барлық шарттарын Инспекцияда тіркеуге, оларды бұзу туралы ақпаратты табыс етуге;

9) (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6196 тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 185 бұйрығымен бекітілген Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулап алу, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолдамалар туралы мәліметтерді уәкілетті органға ұсыну ережесімен белгіленген тәртіппен және мерзімде, Инспекцияға балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау, су айдынындағы кәсіпшілік жағдай, берілген жолқұжаттар туралы мәліметтер беруге;

10) жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қауіпі төнгендерін қорғау мен олардың өсімін молайтуды қамтамасыз етуге және олардың санының азаюына жол бермеуге;

11) балық шаруашылығын ұйымдастыруға сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуге;

12) балық ресурстары және басқа да су жануарларын, жануарлар дүниесі объектілерін қорғау режимі туралы және қорғау режимі мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық туралы ақпарат беретін аншлагтар, плакаттар орнатуға;

13) қорықшылық қызметін құруға және оның күзет қызметін ұйымдастыруға;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға және қағидаларға сәйкес қорықшыларды қызметтік қару-жарақпен, көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төс белгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

15) санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын алу) шараларын жүргізуді қамтамасыз етуге;

16) балық шаруашылығын ұйымдастыруды жүргізуге;

17) (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 9203 тіркелген) 2013 жылғы 29 қарашадағы № 363-Ө "Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген нысандарға және тәртіпке сәйкес Инспекцияға мәліметтер беруге;

18) (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8532 тіркелген) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 154-Ө бұйрығымен бекітілген Балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай

қоймайтын зиянды өтеудің орнын толтыру әдістемесіне сәйкес, балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеудің орнын толтыруға;

19) суаттардың өнімділігін сақтауға, балықтарды және басқа да су жануарларын көбейтудің, өріс аудару жолдары мен олар шоғырланған жерлерінің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз етуге;

20) жергілікті тұрғындардың арасында жануарлар дүниесіне ұқыпты қарау идеясын насихаттауға;

21) КТБШ және (немесе) шарбақтық балық өсіру шаруашылығын жүргізу үшін қолданылатын балық шаруашылығы су айдындарынан және (немесе) учаскелерінен басқа, балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде Инспекцияның келісуімен двигательдері қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін жүзеге асыруға міндетті;

22) жеке адамдарға олардың ауызша және жазбаша өтініштері бойынша әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама беруге құқығы бар.

6. "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде:

1) (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10168 тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен бекітілген жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережесінің талаптарын сақтаған жағдайда, "Пайдаланушыға" жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруге;

2) осы шарттың қосымшасымен белгіленген нысанға сәйкес бекітіліп берілген су айдынының және (немесе) учаскесінің балық шаруашылығы су айдынының (учаскесінің) төлқұжатын "Пайдаланушыға" ресімдеуді қамтамасыз етуге міндетті.

4. Тараптардың жауапкершілігі

7. "Пайдаланушы" осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін кімге де болмасын толығымен де, ішінара да бермеуге тиіс.

8. Бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру "Пайдаланушының" қаражаты есебінен жүргізіледі.

9. "Пайдаланушының" құқықтары бұзылған жағдайда "Жергілікті атқарушы орган (Әкімдік)" немесе Инспекция Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Форс-Мажор

10. Егер Шарттың қандай да болсын міндеттемелері еңсерілмейтін күш жағдаяттарынан (форс-мажор) орындалмаса немесе тиісті дәрежеде орындалмаса, тараптардың бірде бірі осы орындалмау немесе тиісті дәрежеде орындалмау үшін жауаптылықта болмайды.

11. Осы баптың мақсаттары үшін осы шарттың орындалуына кедергі болатын, тараптар бақылауына бағынбайтын, олардың жаңылуына не салақтығына байланысты емес және күтпеген сипат алған оқиға форс-мажорлық жағдаят болып танылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары пайда болған жағдайда, "Пайдаланушы" "Жергілікті атқарушы органды (Әкімдікті)" және Инспекцияны осы жайында форс-мажорлық жағдаяттардың басталған күні мен сипаттамасын нақтыланған жазбаша хабарламаны тапсыру және (немесе) пошта не факсимильдік байланыс арқылы дереу хабардар етеді.

13. Форс-мажорлық жағдаяттар пайда болған кезде Тараптар орын алған жағдайдан шығу жолын іздестіру үшін Инспекция өкілдерінің қатысуымен дереу кеңес өткізіп, осындай жағдаяттардың зардаптарын барынша азайту үшін заңнамаға қайшы келмейтін барлық құралдарды пайдаланады.

14. Егер осы тарауда көрсетілген жағдаяттарды құзырлы мемлекеттік органдар мен ұйымдар растаған болса, онда олар заңды болып танылады.

6. Шарттың қолдану мерзімі

15. Осы шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі және _____ жыл мерзімге жасалды.

16. Балық шаруашылығын жүргізу шартының қолданылуы:

- 1) балық ресурстарын пайдаланудың өз еркімен бас тартқан;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалану мерзімі өтіп кеткен;
- 3) жануарлар дүниесін "Пайдаланушының" қызметі тоқтатылған;

4) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, олардың өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының талаптарын, сондай-ақ балық шаруашылығын жүргізу шарттарының талаптарын жүйелі түрде бұзған;

5) балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері бекітіліп берілген жер учаскелерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу;

6) жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға берілген рұқсаттар жойылған жағдайларда тоқтатылады.

7. Қорытынды ережелер

17. Балық шаруашылығын жүргізу бойынша дауларды шешу кезінде тараптар осы шарттың талаптарын, балық шаруашылығын жайғастыру және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

18. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңдық күші бар екі данада жасалды.

19. Осы шарттың қосымшасымен белгіленген нысанға сәйкес "Пайдаланушыға" бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынының (учаскесінің) төлқұжаты шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

20. Осы шартқа келтірілетін барлық өзгертулер мен толықтырулардың заңды күші болады және оның ажыратылмас бөлігі болып табылады, олар егер жазбаша түрде жасалып және екі жақтың өкілетті өкілімен қол қойылған болса.

21. Осы шарттан туындаған немесе осыған байланысты, келіссөз арқылы, Тараптар дауды шешуге тырысады, ал егерде тараптар келісе алмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

8. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолтаңбалары

"Жергілікті атқарушы орган

(Әкімдік)"

"Пайдаланушы"

(атауы)

(атауы)

(пошта, телеграфтың мекенжайы)

(пошта, телеграфтың мекенжайы)

(банктік деректемелер)

(банктік деректемелер)

(қызметі, тегі, аты, әкесінің аты (қызметі, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (болған кезде))

(қолы, мөр)

(қолы, мөр,

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Балық шаруашылығын
жүргізу шартына
қосымша

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Нысан

Балық шаруашылығы су айдынының (учаскесінің) төлқұжаты

(су айдынының (учаскесінің) атауы)

1. Географиялық орналасуы

Әкімшілік

облысы

Әкімшілік

ауданы

Су

айдыны

орналасқан

жер

(жақын маңдағы елді мекеннің атауы,

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

_____ су айдыны орналасқан жердің бағыты, қашықтығы шақырымда) Учаскенің

шекарасы _____
(шекараның сипаттамасы, координаталары)

2. Физикалық сипаттамасы

Ұзындығы, шақырым

_____ Ені, шақырым

_____ Ауданы, га

_____ Барынша тереңдігі, м

_____ Орташа тереңдігі, м

3. Биологиялық сипаттамасы

Су айдынының: _____ су үсті өсімдігіме

(қатты, орташа, әлсіз)

_____ су асты өсімдігімен қаптап кету

деңгейі (қатты, орташа, әлсіз)

Фитопланктонның даму деңгейі (судың гүлденуі) _____

(қатты, орташа, әлсіз)

Су айдынының фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна:

_____ суқоректілер:

_____ омыртқасыз су

жануарлары: _____

Су айдынының кәсіпшілік фаунасының түрлік құрамы:

ихтиофауна:

_____ суқоректілер:

Күшін жойған

омыртқасыз

су

жануарлары: _____

Су айдынының балық өнімділігі, кг/га:

ихтиофауна:

сукоректілер:

омыртқасыз

су

жануарлары: _____

4. Шаруашылық сипаттамасы

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

_____ (өнеркәсіптік кәсіпорынның лас сумен,

ластануы

өндірістің басқа да қалдықтарымен)

Су

тартқыш

_____ (су тарту құрылғыларының түрі, қуаттылығы,

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

ведомстволық тиістілігі)

Тартымдардың, жүзетін, тұрақтайтын, су айдынының (учаскесінің)
балық
ресурстарын пайдаланудың басқа да тұрақты орындарының саны

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған



ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Басқа мәліметтер

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Осы төлқұжат екі данада жасалды және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады.

Осы төлқұжатты рәсімдеген арнайы жергілікті атқарушы органның атауы

Мөрдiң орны _____ Басшы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

20 ____ жылғы " ____ " _____